

Назначение системы состоит в обеспечении на практике комплексного учета всех факторов, влияющих на военно-патриотическое воспитание, в создании необходимых условий и механизмов, способствующих повышению эффективности в процессе выполнения им задач в интересах общества, государства, укрепления Вооруженных Сил РК, других войск, воинских формирований и органов.

Основным институтом, обеспечивающим организацию всей системы данного направления воспитания, ее функционирование и контроль за его эффективностью и конечными результатами, является государство. Оно организует процесс воспитания подрастающего поколения на уровне дошкольного и, прежде всего, семейного воспитания, школы, при получении среднего и высшего профессионального образования, на уровне местных органов самоуправления, в министерствах, ведомствах и т.д.

Они используются, главным образом, в условиях осуществляемого в системе учебно-воспитательных учреждений (всех основных уровней) процесса или в виде дополняющих его элементов (учебных занятий) по самым различным учебным дисциплинам, особенно гуманитарным, на специализированных факультативах, в кружках, на курсах, в секциях и др.; беседы, утренники, вечера вопросов и ответов, «круглые столы», встречи с ветеранами, воинами запаса и военнослужащими; совершенствование учебно-материальной базы начального военного обучения и т.д.

Военно-патриотическое воспитание молодежи - одно из направлений государственной молодежной политики Казахстана на этапе переходного периода и на долговременную перспективу.

Литература:

1. Конпиев Н.М. Научно-педагогические основы построения и функционирования системы военно патриотического воспитания учащихся средней общеобразовательной школы. Автореф. дисс. ... докт. пед. наук. 13.00.01. – М., 1998. - 42 с.
2. Стариков Л.П. Патриотизм как моральная ценность: Автореф. дисс. канд. философ. наук. - Вологоград, 1981. - 19 с.
- 3.Шарапов Ш.А. Военно-патриотическое воспитание учащихся в таджикской общеобразовательной школе (1929-1945). Дисс. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1983. - 22 с.
4. Агенко Н.Н. Военно-патриотическое воспитание старшеклассников: Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. – Баку, 1981. - 25 с.
5. Валеев Г.Х. Патриотическое воспитание младших школьников в образовательном процессе средствами этнопедагогике. Дисс. ... канд. пед. наук. 13.00.01. – Челябинск, 2006. - 190 с.
6. Макаренко А.С. Воспитание гражданина. – М.: Просвещение, 1988. – 304 с.

Бөжиг Ж.

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАТЫРЫНЫҢ ЕРЛІГІ ЕЛ ЕСІНДЕ...

Американың «Нью – Йорк Таймс» газеті 1945 жылдың 1 мамыр күнгі санында «Кеңес Қызыл туы Рейхстаг үстінде желбіреді» деген тақырыпта хабар жариялады. Оның соңы былай тұжырымдалған: «Кеңес әскері кеше Берлиннің әр үйін жанкешті шабуылдармен алып, Рейхстагқа жеңіс туын тікті. Гитлер Кеңес одағына басып кірерде өз әскерінің алдында: Германияның қазір күш- қуаты толыққаны сонша, енді оны бұдан былай ешқандайда мемлекеттер одағы тізе бүктіре алмайды», - деген еді. Енді орыстардың Берлин қорғанысын құлатуы мен жалпы Германияның тізе бүктіруіне көп қалған жоқ сияқты.

«Әдетте мақала газетінің маңдайына көрсетілген датасынан бір күн бұрын дайындалатыны белгілі. Оның үстіне мына газеттің жер шарының келесі бір шетіне

шығатынын есепке алсақ, «Нью-Йорк Таймс» газеті 1 мамыр күні шыққан санында қай оқиғаны хабарлаған? Әрине алғашқы оқиға. Ал кеңес БАҚ-тары бұл оқиғамен оқырмандарды 3 мамырдан бастап таныстыра бастады. Ұлы жеңістің 20 жылдығында соғыс ардагерлері Мәскеуге шақырылды.

Сонда грузин Кантария 150-дивизияның Рейхстагқа тігілген туын Қызыл алаңға ұстап шығады. Сол топта Рақымжан Қошқарбаев та болған. Ол Кантарияның қолынан туды жұлып алып: «Бұл туды Рейхстагқа бірінші мен тіккемін!»- дейді.

Шындықты білетіндер оған қарсы келмейді. Қошқарбаевтың сол туды көпшіліктің ортасында көтеріп тұрған фотасы сақталған.

Соғыс ардагері Зәкен Темірғалиев 1962 жылы Ялтада демалғанда ойда- жоқта болған бір оқиғаға тап болады. Шипажайдың мәдени қызметкерлері демалушыларды Ставропольге алып барып, соғыс мұражайымен таныстырады. Мұражай қызметкері Рейхстагқа ту тіккен Егоров пен Кантария екеуінің фотасын көрсете бастағанда топ ішінен оралдық Тәшкенбаев деген соғыс ардагері суырылып шығып: Бұл мәлімет қате. Егоров пен Кантариядан бұрын туды Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов тіккен. Сол кезде мен 150- дивизияның байланыс бөлімінің бастығы едім.

Дивизия командирі генерал Шатилов 30 мамырда бірінші Беларусь майданының қолбасшысы Жуковқа Рейхстаг қабырғасына Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ту тіккенін хабарлады. Жуков қаты ашуланды: «Неге қайдағы бір азиаттарға ту тіккіздің? Ертең қалада бір орыспен бір грузин Рейхстагқа тігетін болсын!» - деп бұйырық бергенін өз құлағыммен естідім,-деген.

1 мамырда немістер аса күшті қарсылық көрсетпеді. Өйткені олар капитуляцияға көнген еді. Сол күні Егоров пен Кантария көп қиындықсыз Рейхстаг үстіне ту тікті. Қысқасы, оларға сондай мүмкіндік қолдан жасалды («Түркістан» газеті, 2007 жыл, 7 мамыр). «Воин Родины» газетіндегі «Незабываемые факты» (1945 жыл, 16 қыркүйек) деген мақалда былай делінген: Первым достигли Рейхстага и водрузили флаг над ним лейтенант Кошкарбаев и красноармеец Булатов. Знамя победы водрузили над Рейхстагом Егоров и Кантария. Первыми и Рейхстаг ворвались со своими войсками Сьянов, Грищенко, Неустроев, Давыдов, Логвиненко».

Белгілі жазушы, публицист Борис Горбатов «Литературная газетаның» 1948 жыдың 18 желтоқсанында жарық көрген санында «Проблемы казахской литературы» деген мақаласында былай деп жазады: «В самом деле, пора уже перестать сравнивать воинов нашей армии с орлами и беркутами. Как беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах водрузил красный флаг над Рейхстагом. Чтобы показать такого героя, нужен совсем иной поэтический строй, иные образы, иная поэзия – поэзия социалистического реализма». Меніңше, бұл – құжат жүзіндегі тарихи мойындаулар. 1949 жылдың 8 мамыр күні «Казахстанская правда» газетінде әйгілі кинооператор Роман Карменнің сұхбаты жарияланады.

Онда мынадай жолдар бар: «Мы сейчас особо остановимся на трудовых делах бывших фронтовиков. С одним из них – с тов. Кошкарбаевым, мне бы очень хотелось встретиться снова. Где сейчас? У менч сохранились кадры, отображающие доблестного воина в тот момент, когда он прикреплял Красный флаг на крыше Рейхстага. Это было в памятный день 1945 года!».

Бұған орай мынандай таңғаларлық жағдайды айтуға болады. Мұнда сөз болған кинокадрларды әдейілеп іздеген кезде, олар табылмаған. Роман Карменнің архивіндегі бұл пленка іс-түссіз жоғалып кеткен. Тарихи кадрлар әлі күнге дейін табылған жоқ[1].

ГДР – дан Жеңістің 20 жылдығына байланысты Рақымжанға шақыру телеграмма келді. Бірақ оны жіберуге аяқ-асты тағы бір мәселе туындайды. Ол кезде Рақымжан Алматының ортасындағы моншаның директоры болып істейтін.

- Оу, қазақтар, білдей бір батырларың ертең ГДР-ға барғанда, қазір не істейсін десе не айтасындар? Моншаның директоры дейсіңдер ме? – дейді Бауыржан Момышұлы. Бұл, шынында, ойланатын жай еді. Соншама аты шыққан батырына қазақтардың берген жұмысының түрін қара демей ме?! Алматы қалалық советі атқару комитетінің төрағасы Есен

Дүйсенов жағдайды бірден түсініп, екі күннің ішінде Рақымжан Қошқарбаевты монша директорлығынан қалалық коммуналдық және көркейту басқармасының бастығының орынбасары етіп тағайындайды.

Рақымжан Берлиннен өте көңілді оралды. 8 мамырда ол ГДР-дің ұлттық мерекесіне байланысты салтанатқа қатысып, еңбек ұжымдармен кездесулер өткізеді. Арада үш күн өткен соң Берлиннен тағы жақсы хабар жетті. Кеме жасайтын верфьтегі бір бригада мен бір мектептегі пионер отряды Рақымжан Қошқарбаев атындағы отряд деп аталыпты. Олар Рақымжанның үлкен портретін жіберуді сұрапты[2].

Неміс достары осындай ілтипат көрсеткенімен, өзіміздегі құрметіміз кемшіндеу болды. Дүрілдеп Ұлы Жеңістің 20 жылдығы да өте шықты. Бірақ Рақымжан жайында Мәскеу тағы да үндемеді. Көңіл күпті болғанымен Қошқарбаевқа деген халық құрметі еселеп өсті. Оның толып жатқан дәлелі бар. Арада қаншама жылдар өтсе де, Рақымжанның есімін батырлар қатарына жазудың сәті түспеді.

Іске ешкімнің алдында кішірейіп көрмеген халықтың қас батыры Бауыржан Момышұлы кірісті. Аты аңызға айналған қолбасшы өзінің еленбеген ерлігін ойға алмастан, Рақымжан үшін қолына қалам алып, Дінмұхаммед Қонаевқа хат жазды. Майдандас жерлестерінің ерлігін ерекше құрметтеген аға-інілерінің бұл әрекетін Рақымжан, әрине, білген жоқ. Ол «Алматы» қонақ үйінде директор болып жұмысын істеп жүре берді. Облыс пен алыс аудандарда орналасқан әскери бөлімшелерде көптеген кездесулер өткізді. Соғыс ардагерлерінің арасында жадырап, жарқырап әңгімесін айтумен болды. Жастарға патриоттық тәрбие беруден аянбай ат салысты. Сөйте жүріп, кітап та жазды. Онысы қазақ, орыс тілінде жарық көріп, қазақ сахарасына тарап кетті. Достары болса, 30 сәуір – Рейхстагқа ту тігілген күнді Рақымжанның қайта туған күні деп атап кеткені белгілі.

Жеңістің 35 жылдығына орай Ғабит Мүсірепов Бауыржан мен Рақымжанға қатар атак сұрау жөніндегі ұсыныс хаттарды жазуды өз мойнына күп алады.

1980 жылдың наурызының соңғы күндерінде Л.И. Брежневке хат жазылды. Хатқа Ы.Жақаев, Ж.Қуанышбаев, Т.Бигелдинов, Ғ.Мүсірепов, Ұ.Алтайбаева, З.Күдербекова, Ә.Шәріпов, Ә.Мәметова сынды қазақтың белгілі адамдары қол қойды. Өкінішке орай, қазақтың маңдай алды азаматтары жазған үшбу хатты Мәскеуде отырған шенділер тағы да жауапсыз қалдырады[3].

Деседе, Тәуелсіз Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1999 жылы 7 мамырындағы бұйрығымен Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Алайда, 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысында дүниеге келген батыр бар болғаны 18 жасында әскер қатарына алынып, 20 жасында майданға аттанып, 21 жасында тарихи ерлігі Берлинде Рейхстагқа дейінгі 300 метр қашықтықты 7,5 сағат жүріп өтіп, бас ғимараттың төбесіне ту іліп, күллі әлемді шулатқан екінші дүние жүзілік соғыстың нүктесін қояғанын,

Ресейдің Әскери тарих институты 1-і Беларус майданындағы 150-і атқыштар дивизиясының лейтенанты Рақымжан Қошқарбаевтың және Григорий Булатовтың 1945 жылдың 30 сәуірінде Рейхстагқа ту тіккені туралы тарихи оқиғаны 2007 жылдың 7 мамырында ресми түрде растады.

Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына - 100 жыл толғаны ел көлемінде кеңінен аталып өтті.

Әдебиеттер:

- 1 К.Р.Аманжолов. Шайқаста шыңдалған достық.–Алматы: Мектеп,-1985.-98 б.
- 2 Жүз тұңғыш. - Алматы: Жалын баспасы, 2-ші кітап. - 2005. - 352 б.
- 3 Р. Арын. Қазақтар: көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. - Алматы: "ІДК-ТИРО": Каз.даму ин-ты, -1998. – Т. 2. - 533 б.